

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2021 жылғы 14 желтоқсандағы № 174 шешімі

2014 жылғы 15 тамыздағы Көлік құралы паспортының (көлік құралы шассиі паспортының) және өздігінен жүретін машина мен басқа да техника түрлері паспортының бірыңғай нысанын енгізу және электрондық паспорттар жүйесін ұйымдастыру туралы келісімнің 3-бабының бірінші абзацына және 3-бабының екінші абзацына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Қосымшаға сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының шешіміне өзгерістер енгізілсін.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

М. Мясникович

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2021 жылғы 14 желтоқсандағы
№ 174 шешіміне
ҚОСЫМША

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының шешімдеріне енгізілетін ӨЗГЕРІСТЕР

1. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 1 қыркүйектегі № 112 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары (ұйымдары) мен көлік құралдарының (көлік құралдары шассиінің), өздігінен жүретін машиналардың және техниканың басқа түрлерінің паспорттарын (электрондық паспорттарын) ресімдеуді жүзеге асыратын көлік құралдарын (көлік құралдары шассиін), өздігінен жүретін машиналарды және техниканың басқа түрлерін дайындаушы ұйымдардың бірыңғай тізілімін қалыптастыру және жүргізу тәртібінің 5-тармағының "г" тармақшасында және 7-тармағының "в" тармақшасында "2021 жылғы 31 желтоқсанға дейін" деген сөздер "2022 жылғы 31 желтоқсанға дейін" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 22 қыркүйектегі № 122 шешімімен бекітілген Көлік құралдарының электрондық паспорттары (көлік құралдары шассилерінің электрондық паспорттары) және өздігінен жүретін машиналар мен техниканың басқа түрлерінің электрондық паспорттары жүйелерінің жұмыс істеу тәртібінде:

а) 21-тармақта:

"а" тармақшасы мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"қоса алғанда 2022 жылғы 31 желтоқсанға, жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарында пайдалануға арналмаған немесе жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарымен жүруге мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес КО ТР 010/2011, КО ТР 018/2011 және КО ТР 031/2012 техникалық реттеу объектісі болып табылмайтын арнайы рұқсатты ресімдеу кезінде жол берілетін жекелеген машиналарға (өздігінен жүретін жерүсті әуеайлақ машиналары, өздігінен жүретін орман мульчерлері, ратрактар, жол талғамайтын ауыр жүк таситын көлік құралдары) қатысты электрондық паспортты көрсетілген техникалық регламенттердің бірінің талаптарына сәйкестігін бағалау туралы құжат болмаған кезде ресімдеуге жол беріледі;"

"в" тармақшасының бесінші – жетінші абзацтары мынадай мазмұндағы абзацтармен ауыстырылсын:

"жеке тұлға жеке пайдалану үшін Одақтың кедендік аумағына әкелетін (әкелген);

Одақтың кедендік аумағына әкелетін (әкелген) және халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған қағидаттары мен нормаларына сәйкес артықшылықтарды және иммунитеттерді пайдаланатын дипломатиялық өкілдіктерге және консулдық мекемелерге, халықаралық (мемлекетаралық) ұйымдарға, осы өкілдіктердің (мекемелердің, ұйымдардың) қызметкерлеріне, сондай-ақ олардың отбасы мүшелеріне тиесілі;"

б) аталған Тәртіпке № 7 қосымшаның 6-тармағының 1-тармақшасының екінші абзацы "және көрсетіледі" деген сөздерден кейін "атауы және" деген сөздермен толықтырылсын;

в) аталған Тәртіпке № 8 қосымшада:

2-тармақта "немесе ұйым – көлік құралдарын (көлік құралдарының шассиін) әзірлеуші" деген сөздер "немесе ұйым – машинаны әзірлеуші" деген сөздермен ауыстырылсын;

7-тармақтың 1-тармақшасында:

үшінші абзацтан кейін мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Тәртіптің 21-тармағының "а" тармақшасының екінші абзацымен айқындалған жағдайларда мүше мемлекет заңнамасының "жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарында пайдалануға арналмаған" немесе "жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарымен жүру арнайы рұқсат бойынша жүзеге асырылады" жазбасының талаптарын ескере отырып, электрондық паспортты "Қосымша ақпарат" жолағында міндетті көрсетумен аталған жолақта "жоқ" деген жазба жасалады.";

төртінші абзац "және көрсетіледі" деген сөздерден кейін "атауы және" деген сөздермен толықтырылсын.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК